

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРЛІГІ ЮНЕСКО ҚАМҚОРЛЫғыНДАҒЫ
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕРДІ ЖАҚЫНДАСТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ»
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ КАФЕДРАСЫ
ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҰЛЫ АҚЫН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ
175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ» атты
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 24 ақпан 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«МЕСТО И ЗНАЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА
В СОВРЕМЕННОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 175-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОГО ПОЭТА
ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА

Алматы, 24 февраля 2021 года

THE MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-METHODICAL
CONFERENCE «THE PLACE AND MEANING OF ZHAMBYL ZHABAYEV'S
HERITAGE IN CONTEMPORARY LITERARY STUDIES»,
DEVOTED TO 175 ANNIVERSARY OF GREAT POET
ZHAMBYL ZHABAYEV
Almaty, February 24, 2021

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
АЛМАСБЕК МАУЛЕНОВ

Ғылыми кеңесшілер:
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология факультетінің деканы
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор
Б.Ө. ЖОЛДАСБЕКОВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақ әдебиеті және
әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор
А.Б. ТЕМІРБОЛАТ

ЮНЕСКО мәдениеттерді жақындастыру орталығының
бас ғылыми қызметкері, жазушы
Н. ҚАПАЛБЕКҰЛЫ

Жауапты редакторы:
АРДАҚ КАКИМОВА

Ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 312 б.

ISBN 978-601-04-5214-5

«Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн жүйеде өткен конференцияның материалдары топтастырылған. Мұнда конференция мақалалары 3 секцияға бөлінген.

Жамбыл Жабаевтың шығармаларының әлемдік поэзиямен үндестігі; Жамбылтану мен филология пәндерін оқытудың инновациялық әдістемесі; Жамбылтанудың бүгіні мен келешегі жас ғалымдардың зерттеулерінде.

Жинақ жоғары оқу орындарының студенттеріне және жалпы оқырман қауымға арналған.

Автордың редакциясымен шығарылды.

А.А. МҰХАМЕТҚАЛИ
Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті 1-курс докторанты
Г.Ж.БОЛАТОВА
ф.ғ.д., Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Жаңашылдық, қашанда, соны идеялық-көркемдік ізденістірімен толығады. Тақырыптың жаңалығы барша табысқа кепіл емес. Жаңалық жазушының өмір құбылыстарына келу тұрғысынан, көз көрген, естіген фактілерінен, белгілі бір идеяны жеткізу ерекшеліктерінен аңғарылмақ. Бұған кейіпкер таңдау, сюжет, композиция құру тәрізді жазушының дара стиль өзгешеліктері де қосылады. Алайда әр автордың қайталаудан алыс жаңалығы мол тың қасиетті шығарма беруге ұмтылысы әрдайым дәстүр сабақтарымен астасып жатқанда ғана жемісті. Бұл күндері адам характерін ашуда, қаһарманның жан дүниесін, рухани әлемін бейнелеуде классика үлгілерімен есептеспейтін қаламгер жоқ. Ұлы суреткерлер шығармаларымен үйрену мақсатындағы, саналы түрдегі таныстық болмаған күнде де іргелі өнердің ықпалдық күші сол өнерден тағылым алған басқа қаламгерлер шығармашылығы арқылы келуі әбден мүмкін.

Өмірлік шындық пен көркем шындықтың арасындағы көпір, оларды жалғастырушы буын, мағыналы арна – бейне. Жеке бейнелерді талдағанда тұлғаны мазмұндау, мінездеу үстіне, бейненің өміртанытқыштық, эстетикалық-сигналдық функцияларын айрықша баса айту керек. Сұлулық, әсемдіктің әлеуметтік мұраттарымен тығыз байланыста екендігін көркем шығармаларды талдаған кезде анық түсінуге болады [1, 147б.]. Мұндағы өмірлік шындық – ол тұрмыстық мәселелер, шешу жолдары.

Бақытжан Момышұлының «Жанымның жарық жұлдызы» атты көңіл жібітетін шынайы роман арнады. Қазақ әдебиетінде көптеген классик жазушылар әйелдерге арнап көптеген туындылар жазды. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпаны», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегі», Сәбит Мұқановтың «Ботагөзі», Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы» мен Мариям Хакимжанованың «Мәншүгі» және тағы басқаларын еске алайық. Бұлардың арасында «Жанымның жарық жұлдызы» да өзіндік орнын алады.

Ерлі зайыпты екі адамның тағдырын баяндаған хикаят жан-дүниенді дүр сілкілтіп, алмағайып арпалысқа түсіріп, тұңғыық ой теңізін кештіріп, адамдық ар мен адамгершілік парасат жөніндегі жайдақ түсінігінді тереңдетіп, сана-сезімді байытып, тал бойындағы тым қараш, тым күйкі, тым саяз мінез қылықтарыңнан арылуға асықтырады.

Бұл суреттемелер Жаңғара Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім» атты зерттеу кітабындағы келесі пікірімен ұштасады: «Әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы, яғни, көркемдік шындық. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді. Мәселе шындап келгенде оқиғаның, кейіпкердің өмірде болған не болмағанында емес, шығарманың барлық мазмұны, оқиғалары, кейіпкерлері көркем ой көрігінен өтіп жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып шығатындығында» [2, 125 б.].

Публицист Гуляим Баймурзина «Жанымның жарық жұлдызы» романындағы Гюзальдің болмысына келесі баға береді: «Гюзаль шаг за шагом создает вокруг себя тепло, уют, пространство любви и заботы. Потихоньку начинают притираться острые углы, грани живого механизма, называемого семьей. А смазчиком и наладчиком стала та же Гюзаль, она же Зейнеп Ахметова. Интересно наблюдать за изменением состояния главной героини. Эмо-

циональное состояние меняется у нас на глазах. Ее внутренние усилия, возвращение в себе женской мудрости и силы вызывают неподдельное уважение» [3, 36.] – деген пікір білдіріп, кітапқа өзіндік рецензия береді.

«Жанымның жарық жұлдызы» романында жазушы Бақытжан Момышұлы жаңадан шаңырақ көтерген Гезал мен Талаптың үй болып қалыптасуы ащы да азабы мол өмір сынақтарынан қалай өткені жайлы сөз болған. Жайшылықта сырт көзге байқала бермейтін адамгершілік идеалға деген нық сенім-романның алтын діңгегі. Шындығында, бұл роман бірінші сөйлемінен бастап қызықтырады: «Жаңбыр керілген және берік көрінді, алайда оның ағыны терезе шынысында қара сүрмедей жағылды» [4, 36.].

Романның көз тартарлық бірінші сөйлемі сәтті шығып, оқырманды бірден баурап алады. Жанры автобиографиялық болғанымен, басты кейіпкерлердің аттары ойдан құрастырылған Талап (Бақытжан), Гюзаль (Зейнеп), Аяз (Бауыржан Момышұлы).

Оқырманға белгілі бір кезеңнің олқылығын көру мұрат емес, қиын кезде қайыспаған, адамшылығын жоғалтпаған, халық мүддесі үшін күресе білген адамдардың өмір кешулері мен асыл армандарын танып-білу қажет. Әр отбасы өзіндік дағдарыс кешеді. Күнделікті қарапайым тұрмыстан бөлек ері үшін нағыз жары болуды әрбір әйел түсіне білмейді. Сондықтан бұл кітап көптеген нәрселерге көзді ашып, қарапайым әрі нәзік даналыққа үйретеді.

Автор отбасы мүшелерінің арасындағы туған адамдардың қиын ара-қатынастарды ашық ашып көрсетуде ерлігін көрсетеді білді. Бауыржан Момышұлының отбасында тұру үлкен рухани күшті қажет етеді. Біздің алдымызда нағыз ошақ қасы болу парақ-парақтап көрсетілген. Гюзаль отбасылық өмірінің алғашқы кезеңінде тәжірибесіз, қырсық, шыдамсыз, күйбелек.

Алғашқы келіспеушіліктер, түсініспеушіліктер, ауыр араздықтар. Мұндай қиын кезеңде анасы Гюзальге өте дана кеңес береді: «Үйде бірлікті сақтау білу керек. Бұл әйелдің басты парызы, ол ошақтың шырақшысы. Көне білу мен ұстамдылықтың маңызы зор. Сонымен қоса, кешіре білу де өнер. Отбасы шатыр, ыдыс-аяқ, сандықтан басталмайды, мейірімділіктен басталады» [3, 56]. Гюзаль көп ойланып-толғаннан гөрі сезімге жүгінеді. Басқарылмайтын Талапқа қарап, оның жүрегі өкпе-ызаға толы екенін, ол әрдайым жалғыздықтан жапа шеккенін ұғынады.

Әке мен бала арасындағы екеуара рухани жырақтың бар екенін сезеді. Өмір шындығы-өнер өрнегі мен өрісіне айналар тұсы да осы сәт. Кейде ол өмірдің мәнін сезбейді, оған барлық нәрсе түкке тұрғысыз көрінеді. Шығармашылық қанағаттанбаушылық оған маза бермейді. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты жалғайтын көпірдің рөлін Гюзаль атқарады. Ол мейірімді құтқарушы қол секілді, оларға көмекке келеді. Гюзаль екі шығармашылық жанды махаббат пен қамқорлық арқылы жалғайды. Ол тірек бола білуді, тілектес, жақын адам болуға талпынып, иілгіш, шыдамды болуға үйренеді. Мұның бәрі Гюзальдің күйеуінің көлеңкесі болып қалуын білдірмейді. Ер адамға деген сыйластық, оның жетістіктерін мойындау, өзіңді жоғалтпай еріне қызмет ету – осының бәрі оқырманның Гюзальға деген сүйіспеншілікті арттырады.

Аты аңызға айналған Аяздың бейнесі кертартпалыққа толы. Ол оқырманның алдында бірімәнді емес, ауыр мінезді адам кейпінде көрінеді. Қатыгездік, өзімшілдік, үзілді-кесілділік пен қатар келген мейірімділік, кең ауқымды ойлау мен ішкі бостандық. Мұнда біз антитезалық тәсілді байқаймыз. Отбасы мен туыстық қатынастың мәнін ұмытқандықтан сарыла қасірет тартқан әскери адам. «Ол менің асыл ойларымның түп-тура тұрағы болды және солай болып қалады да. Мен ортақ жайларды талқылаған сәттерде осындай рухани жақындықты ешкімнен де көрген емеспін. Рас, менің әдеби творчеством оның ақыл таразысына терең сынақ жасады, адам іс-әрекетінің себептері мен күрделі кезеңдеріне терең талдау жасауға үйретті. Ол мендегі қандай да болсын алғашқы тұнық сезімді сақтауға, өз бойымдағы артық әрекеттерден арылуға үйретті. Ол менің мінез-құлқымдағы қайшылықтарды сақтады. Жазушының қасында барлық кезде осындай терең түсінікті адам болуы керек» [4, 93].

Гюзаль әр қадам сайын айналасында жылулық, жайлы жағдай, махаббат пен қамқорлыққа толы кеңістік жасайды. Өткір бұрыш біртіндеп жұмсарып, отбасы атаулы тірі тетіктің қырлары түзеле бастайды. Ал оны жұмсартуға үлес қосқан сол баяғы Гюзаль, нақтырақ айтсақ, Зейнеп Ахметова.

Романдағы сүйіспеншілік туралы арман адамдар арасындағы абсолютті үйлесімділік, қарапайым іңкәр сезім туралы арман-мұраттардан өрілген. Назар салып, байыппен қарасаңыз – суреткер адамдар өмірін, теңіздегі толқындар арпалысын, табиғат тылсымын қатар алады да, әйелдің сан қалтарысты сезім айшықтарын тереңдеп ене отырып сипаттау екенін аңғарасыз. Екеуара келіспеушіліктерді жою барысында Гюзаль бойындағы әйел даналығы суреттеледі. «Есікті Гюзаль ашты. Талап табалдырықты аттап кіріп, ештеңе айтуға қауқары болмай кідірді. Гюзаль, сенбей, оның иығына қолын тигізеді. Олар ұзақ үнсіз отырды» [4, 105].

«Әдебиет өмір шындығын образ жасау, характер сомдау арқылы көрсету және кісінің жанына адами қымбат қасиеттердің нәрін сіңіру арқылы қоғамды ізгілендірумен қоса-қабат кісіге сол замандағы өмір шындығының, тарихи жағдайдың мәнін де ашады. Мұндай әдебиет болашаққа мағыналы көзбен ой жіберіп, оны болжап білуді мүмкін етеді, адамды жаңа нәрселерге жігерлендіреді»[5, 16.]. Өмірде ақ пен қара қатар жүретіні сияқты, жақсы образдармен қатар сапалы деуге келмейтін образдар да жасалуы заңдылық. Себебі, образ өмір шындығынан құралады. Романдағы Гюзаль образы автор бейнелеген дәуір өткелдеріне сай өзгерген кейбір әйелдердің күрделі де көркем картинасы болатын. Әйел болған соң алғау-талғау сезімнен гөрі адамгершілік, ақыл-парасат үстем тұруы тиіс еді.

Роман әйел қауымына деген ыстық ықылас пен махаббатқа толы. «Әйел өзі тыныстап жатқанында, адамгершіліктің де тыныстайтынын біледі», «Көше бойында бетінде дақтары орын алған, үлкеніші бар әйел келе жатыр, ол әлемдегі еңғажайып әйел...»[4, 125]. Гюзаль – кербездікке кемел, сұлулыққа сырбаз әйелі. Балаларын бағып, ақылымен жарына жағып, шанырағының береке-бірлігін аялап, үлкенге келін, кішіге жеңге, қасиетін керімсал мінез-құлқымен арттырып жүрген әйел болып қалыптасады.

Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Соның арқасында көркем туындылар жарық көріп жатады. Адамның рухани өсуіне ықпал етуші – көркем шығарма. Бұл көркем шығармадағы шешім оқиғаның түйінін шығарып, ақ – қарасын ажыратып, жақсы – жаманын айырып, қажетін алып, өмірлік тәжірибе жинақтап, Жаныңа серік болатын көркем шығарманың шешімі үнемі оқырманның ойынан шыға бермейді. Себебі, кей туындыны оқып бастағаннан – ақ немен аяқталатыны белгілі болады. Ал кейбір шығармалар аяғына дейін еліктіріп, құпия болып тұрады. Кейде шешімі ойламаған жерден шыға келеді. Бұның бәрі қаламгердің біліктілігі мен шеберлігіне байланысты.

Жазушы парызы жайынан қозғалып отыратын жасырын ойлары мен авторлық жазу ұстанымында қапысыз, мығым шығармашылық табыс түзілген. Ішкі қақтығыстарға толы, әділетсіздікке көз жұма қарау, жалған ғылым, жағымсыз құлықтардың бел алуы адам мінездерін, әрекет барысын, табиғат тылсымын тірек етіп отырып, қапысыз көркемдік арнасын осылай ашқан болатын.

Болатова Г.Ж., ф.ғ.д., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, gulzhan505@mail.ru

Мұхаметқали А.А., «Әдебиеттану» мамандығының 1-курс докторанты, Алматы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
aida.muhametkali@gmail.com

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали, Р. Әдебиет теориясы. – Астана : «Фолиант» 2003 ж. – 344.
2. Дәдебаев Ж: Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы. «Ғылым», 1991.
3. Гуляим Баймурзина: Когда рядом женщина \pricom.kz.- 2013.- 17 маусым
4. Б. Момышұлы; Жанымның жарық жұлдызы: роман /ред. Р. Жуматова; орыс тілінен ауд. С. Қалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 374 б.
5. Мақсат Тәж-Мұрат: Бізде бәрі бар – бізде бәрі жоқ\abai.kz.- 2018.- 21 желтоқсан.

Г. А. БАҚЫТОВА АБАЙДЫҢ СОПЫЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ.....	365
Ә.Б. ЖАНБОТА ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ АҚЫНЫ	371
Н.С. БАЛТАБАЕВА, А.Т. ЕРКИНБЕКОВА ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДА ӘДІС-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (С.Елубай шығармаларын оқыту).....	374
Д. ӘБДІКЕРІМ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ДҮЛДҮЛІ	379
А.А. МҰХАМЕТҚАЛИ, Г.Ж.БОЛАТОВА БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ.....	384
М.Б. ТАСҚЫНБАЙ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ МҰҒАЛІМ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ МЕН ОҚЫТУ ӘДІСНАМАСЫ БОЙЫНША ІЗДЕНІСТЕРІ	387
Ж.Ә. СМАН, Р.С. ИМАХАНБЕТ «ХАЛЫҚТЫ ОЯНСЫН ДЕП СӨЗБЕН ШАҚҚАН...»	390
Ж.Н. ТИНИКУЛОВА ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫ.....	393
А.А. АЙДЫН ТАРИХИ РОМАНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ	397
Ж.М. МӘЛІК ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІН ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	401
Б. МАЙТАЙ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПРОЗАДАҒЫ МИФТІК САРЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	404
Ү. ЖАРАСБЕК, З. Н. СЕЙІТЖАНОВ Ғ. ҚАЙЫРБЕКОВ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	409
Б. МАРАТ МИФ ЖАНРЫ ЖӘНЕ МИФОПОЭТИКА ҰҒЫМЫ	413
Б. Н. НАЗАРОВ ОҚЫРМАН ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН ШЫҒАРМА	416

Ғылыми басылым

**ҰЛЫ АҚЫН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ
175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ» атты
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, 24 ақпан 2021 жыл

Редактор *А. Какимова*
Компьютерде беттеген *Ұ. Молдашева*
Мұқабасын безендірген *А. Айымбетов*

ИБ №14269

Басуға 23.02.2021 жылы қол қойылды. Пішіні 70x100 ¹/₁₂.
Көлемі 35,25 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1829

Таралымы 25 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



9 786010 452145